

«Зияткер Отбасы» атты ұлттық «Бестемше» жарысы

Көңілді музыка ойналады. Ортаға екі бала жүгіріп шығады.

Жүргізуші: Ортада Орбита мектепалды даярлық тобының «Туған өлкем» атты биін қарсы алыңыздар.

Би: «Туған өлкем»

Жүргізуші: Республикалық «Самға Қазақстаным!» байқауының бас жүлде иегерлері «Көңілді қасықтар» ансамблін қарсы алыңыздар.

Фанфары

Жүргізуші:

Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің,

Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің.

Бүгінде бар әлемге даңқың жетті,

Тәуелсіз Қазақстан-елім менің!

Армысыздар қадірменді қонақтар мен ата-аналар және бүлдіршіндер!

2021жыл еліміз үшін айрықша, мерейлі де, мерекелі жыл. Тәуелсіздік

алғанымызға биыл 30 жыл толды. «Тәуелсіздік күні» құтты болсын!

Бүгінгі Тәуелсіздіктің 30 жыл мерейтойына арналған «Ұрпақтар үндестігі» аясында «Зияткер Отбасы» атты ұлттық «Бестемше» ойын жарысына қош келдіңіздер! Ортаға жарысқа қатысушыларды шақырамыз!

1. **«Мерген»** ересек тобы- Қайырбек Балайым. Әкесі: Төкенов Ануар.

2. **«Юпитер»** ересек тобы- Төлеген Даулет. Әкесі: Төлегенов Жанболат.

3. **«Плутон»** ересек тобы- Асқар Ұлан. Әжесі: Бабашева Жанипа.

4. **«Аспан»** мектепалды даярлық тобы-Сейдалин Мақсат. Анасы: Сейдалина Алтын.

5. **«Орбита»** мектепалды даярлық тобы-Мергенбай Еркеназ.

Анасы: Бекжанова Нұргүл

6. **«Меркурий»** мектепалды даярлық тобы-Жанболат Адина.

Анасы: Шынжырова Гүльхан

«Зияткер Отбасы» жарысын ашық деп жариялаймыз!

Қазақстан Республикасының Әнұраны

Жүргізуші: Алғашқы сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Зарина Уйсінбайқызына беріледі.

Жүргізуші: Енді сөз кезегі, филология ғылымының кандидаты, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы- Шотаев Мақсат Есембекұлына сөз беріледі.

Жүргізуші: Ойын алаңында төреші- балабақшаның Бестемше педагогы Куланова Құралай Қадырқызы

(ойын басталады)

Жүргізуші: «Ән көңілдің ажары» демекші, келесі кезекті әуезді әнге берейік. Ортада сұлу қыздарымызды қарсы алыңыздар!

Ән дует: «Тәуелсіздігім-ұраным»

авторы: Г.Жотаева

Марапаттау

Финал ән: «Атамекен»

авторы: Е.Хасанғалиев

Жүргізуші: Құрметті жиналған көпшілік қауым, осымен біздің бүгінгі «Зияткер отбасы» атты жарысымыз өз мәресіне жетті. Еліміздің еңсесі биік, туымыздың тұғыры берік, Тәуелсіздігіміз мәңгі болғай. Қош сау болыңыздар!





